

Китiңқараға қаталап барып,
Сыбанбұлақтан сырға қансам деп,
Жұмбақ жасырған жотаны ақтарып,
Көнениң сөзін тыңдап алсам деп
Қиялаймын-ау...

Бұл өлеңінде ақынның туған жерге деген ыстық сезімі мен сағынышы бейнеленеді. Әр қазақтың ұғымында бар ата қоныс, ауыл сынды атаулардың киелі екендігі айтылады. Ақын өлеңінде оқырманға эстетикалық әсер бере отырып, халықтың санасындағы туған жерге деген сағынышын оятады. Туған жермен ақын сырласқысы келгенін айтып, жадында қалған естеліктермен оқырманмен бөліседі.

Ал келесі көрнекті қазақ ақыны Ұлықбек Есдәулет өзінің «Қазақстан» атты өлеңінде:

Әрбір тасы – киелім,
Әр уығы – жүйелім,
Ән кернеген жүрегін,
Күй кернеген тиегін,
Сары алтыннан сүйегің,
Қазақстан – жыр елім! [9,72]

дей келе, қазақ ұғымындағы Отан, туған жер, қастерлі мекен төңірегінде жыр қозғайды. Туған жердің әрбір тасының баға жетпес байлық екенін, топырағының киесін асқақ рухпен жырлайды.

Қорытынды. Сонымен, қазіргі қазақ поэзиясында ұлттық танымның белгілері бар екенін аңғаруға болады. Сан ғасырлар бойы сақталып келе жатқан халқымыздың асыл қазынасы қазіргі қазақ поэзиясында да айтарлықтай орын алғанын байқаймыз. Қазіргі поэзияның дамуына үлес қосып жүрген қаламгерлердің шығармашылығында отан, туған жер, тәрбие және т.б халық танымындағы ұғымдар үнемі жаңғырып отыратынын байқауға болады. Қаламгерлер шығармашылығындағы ұлттық таным мен ұғым мәселесіне қатысты ғылыми түрде зерттеушілердің пікірлері беріле отырып, халықтың санасындағы ұлттық құндылықтар ары қарай дәріптеліп келе жатқанын айтуымызға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нысанбаев А. Қазақстанда ислам философиясының қалыптасуы. Алматы, 2000. – 215 б.
2. Қозыбаев М.К. Өркениет және ұлт. Алматы: 2001. – 369 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: 1975. – 312 б.
4. Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі. Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. Алматы: 2006. – 376 б.
5. Мырза Әли Қ. Екі томдық шығармалар жинағы, 1-том. Алматы: Жазушы, 2005. – 424 б.
6. Аманжолов Қ. Таңдамалы шығармалары. Алматы: Алматы, 2014. – 216 б.
7. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. Астана: Елорда, 2002. – 504 б.
8. Әскербекқызы Ж. Қаз қанатындағы ғұмыр. Алматы: Жазушы, 2007. – 240 б.
9. Есдәулет Ұ. Киіз кітап. Астана: Елорда, 2000. – 384 б.
10. Шәріп А. Қазақ поэзиясы және ұлттық идея. Алматы: Білім, 2000. – 336 б.

Әділхан Мәншүк Есетқызы

adilkhanova_mye@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ, Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау мамандығының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.к., профессор Қ.Байтанасова

Өнер – ағын су іспетті. Ол үнемі қозғалыста болатын процесс. Оны тию мүмкін емес. Ол үнемі жаңарып отырады. Сәйкесінше оған өзгеру, даму тән. Ол – сан салалы құбылыс. Оның қай саласы болмасын уақыт өте келе сапалық құбылыстарға ұшырайды. Соның негізінде ол даму-өрбу арқылы түрленеді, бұтақ жаяды.

Көркем әдебиет – сол өнердің бір бөлшегі. Жоғарыда атап өткеніміздей оған да түрлену, даму процестері тән. Ол да өз ішінде бірнеше компоненттерге бөлінеді. Сәйкесінше әр компонент тұтастай көркем әдебиет түрленген сайын ол да жаңаша бояумен қанығады.

Бүгінгі таңдағы қазақ прозасындағы әңгіме жанры да соның айқын айғағы. Ол өзінің тақырыптық-идеялық тереңдігі, эстетикалық көркемдігі жағынан өзіне дейінгі әдеби кезең жемістерін жан-жақты игергендігін байқатады. Шағын жанрдың бір түрі ретінде әңгіме қазіргі ел өміріне сыншылдық тұрғыдан келе бастады. Оған себеп болған өтпелі кезеңнің бел қайыстыратын ауыртпалығы мен қоғамға жан-жақты қаумалап енген өзгерістері еді. Аталмыш дүниелер жаңалыққа бірден бой алдыратын, ұшқыр жанр әңгіме назарын бірден өзіне аударған еді. Елдегі қоғамдық саяси-әлеуметтік жағдай адамның өміріне, оның сана сезіміне, дүниетанымына әсер етті. Міне, сондықтан адам тағдырын өзіне арқау ететін көркем әдебиет осы дүниелерді жаңа қырынан тануға талпынды. Қаламгерлер бұрын соңды қалыптасқан көркемдік тәжірибелерінен оза шығып, өз мүмкіндіктерінің кеңдігін байқата бастады. Осылайша, баспасөз беттерінде өздерінің алғашқы үнін танытып, қазіргі қоғамға өзіндік қолтаңбасын ала келген жас қаламгерлер көрініп жатты. Олар өздері өмір сүріп отырған қоғамның тынысын зерттеп, зерделеп, адам мен қоғам, адам мен табиғат, адам мен тарих сияқты келелі мәселелерге, қоғам өміріндегі «қабылданған» немесе «қабылдатқызылған» бұлжымас заңдардың мәңгілік емес екенін танытуға, ашып көрсетуге ден қойды. Жас суреткерлер қаламынан туындаған әңгіме өзегінде шым-шымдап айтылған осындай өмір шындықтары көзі қарақты оқырман санасына жетіп қалып жатты. Сондықтан да, өзінің «мөлшері» жағынан дайын тұрған қалыпқа сыя бермейтін, идеялық нысанасы философиялық ауқымдылықты танытқан туындылар әдеби процесте өзінің сондайлығымен ерекшеленген еді.

Қоғамның жай-күйін, ондағы болып жатқан сан салалы процестерді, шындық пен көз бояушылықты, өтірік пен ақиқатты бәрін-бәрін өзгелерден бұрын алдымен суреткер көреді, сезінеді. Ал оны қалай суреттейді, суреттеу барысында қай философияны басшылыққа алады, оны қалай ұғындырады, өзгелерге оны қалай сездіреді, ол суреткердің ісі.

Соңғы жылдары әдебиетімізде жаңаша өзгерістер бой түзеп келеді. Ол да, әрине, жоғарыда атап өткеніміздей дамудың нәтижесінде орын алып атқан жайттардың бірі болып табылады. Бұл өзгерістер мен құбылыстардың барлығы бір тарихи кезеңнің басталып, екіншісінің аяқталуымен байланысты болып жатқандығы баршаға түсінікті. Әсіресе, жазушылар Думан Рамазан, Асқар Алтай, Нұрғали Ораз, Қуандық Түменбай, Талаптан Ахметжан, Қуаныш Жиенбай, Сейітқұл Оспанов, Айгүл Кемелбаева т.б. тудырған әңгімелер әңгіме жанрының ерекше бір көркемдік әлемін аша білді.

Бұлар – әдебиетке тыңнан қосылған күш. Олар – ел ішінде отырып елдегі болып жатқан әртүрлі қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерді халыққа шығарма өзегі арқылы жеткізбек болған қаламгерлер. Бұл жолда олар әртүрлі әлемдік әдебиеттегі көркемдік ізденістерді қолдана білді. Бұл туралы зерттеуші Ш.Ыбыраев былай деп пікір білдіреді: «Қазіргі кезде дүние жүзі көркем әдебиетінде өмірді бейнелеудің әдіс-

тәсілдері, көркемдік машықтары, әдеби-тәжірибелер бой көрсетті. Олардың бірқатары қалыптасу үстінде. Модернизм, авангардизм, мифологизм, эксизтенциализм, сюрреализм сияқты ағымдар өркениетті елдер әдебиетінің тарихында өз ізін қалдырды. Енді осы әдіс-тәсілдерге үрке қарауды қою керек сияқты. Көркемдік ізденістері алуан түрлі егемен еліміздің ешкімге ұқсамайтын жаңа дәуірінің ұлттық әдебиетін жасау алдымызда тұрған зор міндет»[1:3].

Әрине кез келген жанр өзінің табиғаты мен жаратылысына қарай қоғам келбеті мен қазіргі өмірді әр алуан дәреже, өзіндік деңгейде өрнектейтіні анық. Берері мол, ойы терең, бірақ көлемі шағын әңгіме жанры өз мүмкіндігін аталмыш кезеңде ойдағыдай көрсете білді.

Адамның тіршілік етіп отырған өмірі кез келген көркемдік түрден мен әдеби процестен әрқашан да бай болып келеді. Соған орай оны солай етіп көркемдейтін әдістер де қашан да даму үстінде болады. Сәйкесінше ол әдістердің де өзгеретіні аян.

Көркемдік әдіс көркем образы арқылы сана-сезімді қалыптастырудың тәсілі мен образдар жасаудың жолын түзеді. Бұл түсінікке көркемдік әдістің көптеген қасиеттері мен сипаттарын жатқызуға болады. Атап айтсақ, әдеби әдістің нақты болмысқа тәуелділігі, суреткердің өз жеке басының ролі, көркемдік әдістің эстетикалық көзқарастар мен дәуір мұраттарына тәуелділігі жоғарыдағы ұғымға жатады, ал осылар жинала келе көркемдік ойлаудың белгілі бір бағытын, дүниені бейнелі түрде көре білудің қасиеттерін дарытады.

Негізінен алғанда көркемдік әдістер тосыннан пайда болмайды. Бұл белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік жағдайлар тоғысуында пайда болатын заңды құбылыс. Оның туылуы мен бірте-бірте дамуы үшін нақтылы әлеуметтік тарихи жағдайлар керек. Сондай-ақ өмірді көркемдік тұрғыдан тану тәсілдері де, заман құбылысын көкірек-көзіңмен көре білу қабілеті де, — жазу өнерінде әркімнің өз ерекшелігі, табиғаты, талантының шама-шарқына қарай әр алуан екендігі де баршаға түсінікті нәрсе.

Жалпы 60-90 жылдардағы қазақ әдебиеті жайлы Дидахмет Әшімханұлы: «Сонау 60-жылдары Хрущевтің тұсындағы «Жылымық» уақыттың әсерінен бе қазақ әдебиетінде лирика, махаббат желі есіп тұрған. 70-жылдардағы Оралхандар бастаған топ әдебиетке романтикалық сарын алып келсе, Дулаттар бастаған топ реализм үнін естіртті. Бұл «комбинированный» әдебиеттің уақыты болатын. 80-жылдары кешегі прозаның «жақсылығын» ғана екшеп алған, классикалық үлгіде жазатын қаламгерлердің саны артты. Соцреализм дәстүрімен жазылған шығармалар әдебиеттен ығыса бастады» — деп ой түйеді [2:9].

Осындай пікірдің қалыптасуына қоғам мен адам, адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынасты, қайшылықты құбылыстарды философиялық тұрғыдан тереңірек суреттеуге, реалды түрде сыншыл ой білдіруді негізгі идея етіп көтерген, шығармалардың көптен көрінуі негіз болып отыр.

Қазіргі қоғамның тынысын, ондағы құбылыстар мен өзгерістер адам бойына қандай сезімдік әсерлер дарытты, қандай қайшылықтар туды, оның таным-түйсігіне ойлау бағытына қалай әсер етті. Міне осы жағдайлар бүгінгі қазақ әңгімелеріндегі күрделі мәселелерінің бірі болып табылады.

Жазушы Н . Оразалин «Соңғы жылдарда өлеңде, прозада әсіресе , жастардың шығармаларында тәңірге табыну, Аллаға сыйыну, «Құранды», «Інжілді» көбірек тануға, білуге деген ұмтылыс басым. Өмірдің бүгінгі қым-қуыт қиындықтарынан шығар жол іздеп жанұшырған жүрек пен ойдың құдайға жалбарынуы, ғарыш әлемімен тілдесу тәсілі етек алып келеді. Бұл- осыған дейін тану мен таразылаудың басты өлшем құралы болып келген коммунистер ілімінен түбегейлі қол үзген дәуірдің мінезі» деп жастар прозасына сипаттама береді [3:8].

Ол да бекерден бекер туындаған дүние емес. Ұзақ жылдар бойы өзінің тілі мен дінінен, шыққан тегінен, тарихынан жырақтап қалған ұлттық көркем ой осының бәрін қайтадан өз бойына жинақтап, одан нәр алу үшін терең ой толғамдарға, көркем әдіс-тәсілдерге барып, оны

шеберлікпен игеріп жатқаны байқалады. Осыған орай, жазушылар заман тынысы мен замандас бейнесінің жаңа бір қырларын өрнектеуге ұмтылуда. Олар көркемдік философиялық тың проблема көтерерлік әлеуметтік өрісі кең тақырыптарға ойысты. Қоғам дамуының сырын сездірерлік соны жәйттерді шығармаға өзек ету, характер эволюциясын сипаттау мақсатында түрдегі жаңалықтарға өріс беру сияқты ізденімпаздық рух бой көтерді.

Бұдан бөлек қазіргі замандағы әдебиет тың жанрларға да назар аударуда. Мысалы кейінгі жылдары көпшілік арасында готикалық жанрды негізге ала отырып жазылған Мадина Омарованың әңгімелері қоғамның ерекше қызығушылығын тудыруда. Солардың бірі ретінде «Патша қызының өлімі», «Қария», «Жартас басында» сынды әңгімелерін мысал етуге болады. Бұдан басқа қазірде қазақ әдебиеттануында бір уақыт ішінде бір кейіпкердің екі түрлі кеңістікті мекен етуі сынды жаңаша хронотоп түрлері кеңінен қолданыс табуда. Ғылымда оны «екіге жарылу» деп атайды. Оған мысал ретінде Т.Әбдіктің «Оң қол», Қ.Мұбарактың «Махаббат», М.Омарованың «Жол үстінде» сынды туындыларын мысал етуге болады. Бұл шығармалардағы кейіпкерлердің ең негізгі ерекшелігі бір мезетте екі бірдей кеңістікте өмір сүруі, екіге жарыла отырып өмірді таяқтың екі ұшынан да қарастырып көрсетуі. Мұндағы уақыт пен кеңістікке бағынбау, ғаламдарды еркін шарлау, кедергілерді елемеу тылсымнан келген дүние емес, бұның бастамасы сонау мифопоэтикалық танымның төл белгісінен бастау алады. Бұл да біз жоғарыда атап кеткен жоғалған көнені қайта жандандырудың озық үлгісі болып табылады.

Соңғы уақыттарда қазақ прозасы адам руханилығы мәселесіне түрлі философиялық көзқарастар тұрғысынан келуге тырысты.

Себебі адамдардың рухани мәдениетінің қалыптасуы- аумалы-төкпелі заманымыздың ең маңызды мәселесі болып табылады. Өйткені қоғамның рухани- жадаулығы-қауіпті дерт. Ол адамдардың , саяси моральдық азып-тозуына елдің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан құлдырауына алып келеді.

Бүгінгі қаламгерлер қоғамның рухани бейнесін көрсету, ұлттың рухын көтеру идеясын өз әңгімелеріне өзек ете отырып, өз шешімін күтіп жатқан сұрақтардың бірі халық пен өнерді әлеуметтік қолдауды бірінші кезекке шығарды. Себебі өтпелі кезеңнің әлеуметтік қиындығы ең бірінші халық пен оның өнеріне қатты тиген еді. Өзінің өнері арқылы ұлт басқа елге танылады. Сол өнердің ыстық-суығына күйіп жүрген өнер адамдарының тағдыры бүгінгі күні не болып жатыр деген сауал жазушылар қауымын ойлантқан. Осындай азаматтық, адамзаттық мәселелер бүгінгі қазақ әңгімелерінің тартысының синкретті сипат алуына негіз болды. Әлеуметтік, ішкі психологиялық тартыс бірінен-біріне ауыса отырып, кезең бейнесін характер болмысы арқылы танытуды көркемдікпен игере бастады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Ыбыраев Ш. Әдебиетіміз үдеп жүр ме, жүдеп жүр ме? // Қазақ әдебиеті. –1996, 5 наурыз №10 – 3 б.
2. Әшімханов Д. Қазіргі жастар прозасы // Қазақ әдебиеті. – 2001, 23 қараша. № 47. 9 б.
3. Оразалин Н. Әдебиет – ардың айнасы // Қазақ әдебиеті. – 2001. № 48. 8 б.

ӘОЖ 1751

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДА АБСТРАКТ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Әлімбай Әсел Әлімбайқызы